



Ақмешіт

21 желтоқсан
сейсенбі
№101 (1803)
2021 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

■ АҚМЕШІТ ҚЫЗЫЛОРДА БОЛҒАНДА



Нұрлыбек МЫНЖАСОВ,
Ә.Тәжібаев атындағы облыстық
әмбебап ғылыми
кітапханасының директоры:

«АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ ХАЛЫҚТЫҢ САЯСИ-МӘДЕНИ ДЕНГЕЙІН ӨСІРУГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТТІ»

Қызылорда – күллі қазақ елінің ортақ мекені. Бұл жерде қазақтың үш бірдей астанасы орналасқан. Сыр өңірі сонысымен де тарих беттерінде қатталып, ұлтымыздың дамуы жолында өз қолтаңбасын қалдырған аймақ болып есептеледі. 1925-1929 жылдары Қызылорда астана атанған уақытта осы өлкеге Алаш зиялылары талай мәрте келіп-кеткені тарихтан белгілі. Осы орайда белгілі ғалым, тарих ғылымдарының кандидаты, Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының директоры Нұрлыбек Кәрібозұлы Мынжаспен газетіміздің «Ақмешіт Қызылорда болғанда» айдары аясында аз-кем сұхбаттасқан едік.

3 БЕТТЕ

■ СҰХБАТ

«ЖЕЛТОҚСАН – ҚАЛҒЫП БАРА ЖАТҚАН ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЙТА ОЯНУЫ»



1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы жұрт жадында әлі күнге жаңғырып тұр. Сол кездегі кеңестік жүйеге қарсы тұрған қазақ жастарының отансүйгіштік сезімі кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге. Бойларында ұлттық рухы бар өрімдей қыз-жігіттер алпауыт елдің айбарынан сескенбей өз елінің намысын қорғап, орталық алаңға шықты. Солардың ішінде біздің сырбойлық бір топ жастар да болды. Соның бірі – Фарида Дүйсенова. Тәуелсіздік күні қарсаңында желтоқсан оқиғасының куәгерімен болған сұхбатымызды оқырман назарына ұсынып отырмыз.

2 БЕТТЕ

■ СҮЙІНШІ!

ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ТАРТУ: Сыр өңірінде 130 сәби дүниеге келді

Тұтас ел Тәуелсіздіктің 30 жылдығын тойлап жатқанда, Сыр өңірінде 130 сәби өмір есігін ашты. Енді олар туу туралы куәлігіне жазылған атаулы күн – 16 желтоқсанды жыл сайын ұлық мерекемен қатар тойлайды.



Мереке қарсаңында нәрестелерге Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сүйінші» сыйқорабын тарту етілді. Онда бөбектерге қажетті заттар, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау тілегі жазылған ашық хат және «Тәуелсіз Қазақстанға 30 жыл» монетасы салынған. – Айналайын, бөбек! Сенің туған күнің еліміздің ең басты мерекесімен тұспа-тұс келді. Өзің дүние есігін ашқан кезде халқымыз кастерлі Тәуелсіздігінің 30 жылдығын атап өтіп жатты. Саған бақытты әрі ұзақ ғұмыр тілеймін», – деп жазылған Президенттің құттықтауында. Аталған сыйды қала әкімдігі мен «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» облыстық филиалы бірлесе тарту етті.

«Ана мен бала» орталығына арнайы құттықтап барған қала әкімінің орынбасары Бектас Нұридинов үшемдермен толыққан отбасыға қоларба сыйлады. Сонымен қатар егіздерді дүниеге әкелген отбасыға қоларба Айнұр Шорабекқызы бастаған ұжымнан тарту етілді.

Ақмарал ОЛЖАБАЙ



Қазаққа «Отызда орда бұзбаған, қырықта қамал алмайды» дейді. Яғни күші шалқып, дариядай кемерінен тасып тұрған отыз жастағы шағындағы сарбаз атоялап жау ордасын ала алмаса, онда қырық жасында тас түйін бекінген қамалды ала алмайды дейді. Ал біздің жас мемлекетіміз осы отыз жылдың алғашқы бес жылында-ақ орданды былай қойып, қамал салып, бекінін те алды.

ОРДАЛЫ ОТЫЗ ЖЫЛ

Ең бірінші 1995 жылғы Конституцияның арқасында жаңа тұрпаттағы мемлекеттік құрылым қалыптасып, қираған одақтан «мұраға» қалған қалың проблемалардан тазару жұмыстары қарқын алды. Қиын-қыстау уақытты бір серпіп тастап, ұлы жолға бет түзеді. Халықтың әлеуетімен ғана, мәдениетімен де, рухани құндылығымен де жұмыс жасады. Өркениеттік дамуға сай қос палаталы кәсіби Парламент өз жұмысын бастап, биліктің басқа тармақтарымен ынтымақтасқан заң шығарушы билік қоғам үшін сапалы құжаттарды қабылдауға кірісті. Осы кездері қабылданған өміршең заңдардың өзі мемлекеттің саяси-экономикалық жаңаруына үлкен сеп болды. Бір сөзбен айтқанда, елдің тәуелсіз дамуындағы 1996 жылдың еншісіндегі жетістіктің өзі бір төбе еді. Елді әділдік, демократия жолына бастаған Тұңғыш Президент Н. Назарбаев бұрынғының билерін, қазіргінің соттарының жүйесін қатаң бақылауға алды. Өйткені әділдік орнаған елде

ғана даму, өркендеу мен өсу бар емес пе? Қасым ханның қасқа жолын, Есім ханның ескі жолын ұстанып, Өз Тәуекенің жеті жарғысындай жасампаз жолды жалғастыруды мақсат етті. Солай да болды. Елдің сот саласына көзқарасы өзгеріп, сенім арта бастады. Сот жүйесінің алғашқы даму кезеңін ескі кеңестік сот жүйесінен тәуелсіз Қазақстанның жаңа сот жүйесіне көшу уақыты деп сипаттауға болады. Сот жүйесіндегі өзгерістер Қазақстандағы мемлекеттік биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот биліктеріне тармақталып құрылатынын және жүзеге асырылатынын әйгілеген 1991 жылғы 16 желтоқсандағы «Мемлекеттік тәуелсіздік туралы» конституциялық заңынан басталса, биліктің тармақталу қағидатын бекітіп берген 1993 жылғы алғашқы Конституция сот билігінің ұйымдасып, қызмет етуінің негізгі принциптерін айқындады.

3 БЕТТЕ



GERMANYDA ЖАҢА КАНЦЛЕР

16 жыл Германия мемлекетін басқарған Ангела Меркель елдегі кезекті сайлауда сынға түсуден бас тартып, ел жаңа басшыны сайлады. Енді Германияның жаңа канцлері болып Олаф Шольц тағайындалды. Меркельдің билігі кезінде вице-канцлер болған Олаф Шольц сәрсенбіде экс-канцлерге алғысын білдіріп, билікке келді. Ескі басшының кетіп, жаңа канцлердің тағайындалуы жайлы BBC арнасында Катя Адлердің «Олаф Шольц канцлер ретінде Меркельді алмастырды» атты мақаласы жарияланды.



Мақалада 31 жыл билікте қызмет етіп, өз еркімен сайлаудан бас тартқан Меркельдің жаңа басшыға сәттілік тілеп, іске аса құлшыныспен кіруді ұсынғаны туралы жазылған.

63 жастағы Шольц Меркель үкіметі кезінде вице-канцлер ретінде маңызды рөл атқарғандықтан, социал-демократтарды қыркүйектің соңында сайлауда жеңіске жетіп, өзін кандидат ретінде көрсете білді. Бундестаг оны канцлер ретінде 395 дауыспен қолдап, президент Франк-Вальтер Штайнмайер оны ресми түрде тоғызыншы федералды канцлер етіп тағайындады.

Кейінірек Бундестаг басшысы Бербель Бас одан тағайындауға келісім сұрап, жаңа канцлер сенімді түрде билікке келуге дайын екенін жеткізді. Содан соң Олаф Шольц салтанатты түрде ант беріп, бұған дейінгі басшы секілді «Құдайдан көмек сұрамады». «Жаратқанның көмек сұрамауы» көпшіліктің назарына ие болып, жұрт оны «діннен алыстау» деп пайымдады.

Сайлаудан кейін Шольц партиясы Жасылдар және Еркін демократтармен коалициялық келісім туралы шарт жасасып, сейсенбіде қол қойылды. Сәрсенбі күні 16 министрінің барлығы ант беріп, Германиядағы министрлер кабинеті ерлер мен әйелдер тең қамтылған болып жасақталды.

Жаңа үкімет көмірді пайдалануды ертерек тоқтатып, жаңа отын көздеріне көшу арқылы климаттың өзгеруімен күресуді жоспарлауда. Дегенмен пандемиямен күресу олардың бастапқы басымдығы болмақ (Елдегі эпидемиологиялық ахуалға келесі мақалада тоқталамыз).

«Шольцтің коалициялық үкіметі – бұрын-соңды болмаған маңызды билік. Олар елдегі тұрақтылықты сақтай отырып, Германияны модернизациялауға деген ынта-жігерін біріктіремек», – деп жазады мақала авторы. Мақалада жазылғандай, елдегі халық жаңа биліктен коронавирусты жеңу, Ресей-Украина ахуалына араласу, Меркель билігі ұстанған «бизнес, содан соң саясат» ұстанымынан арлып секілді өзгерісті күтеді.

Шольцтің канцлер ретіндегі шетелге алғашқы сапары жұмада Парижде және Брюссельде өтпек. Жаңа канцлер және сыртқы істер министрі болып тағайындалған «Жасылдардың» бірлескен көшбасшысы Аннален Бэрбок Ресейдің Украинамен шекараға жақын жерде әскер жинайды деген пікірге жауап бермек.

Дегенмен Ресей Украинаға басып кірмейтінін алға тартқан болатын. Бұған Германия, АҚШ, Франция мен Италия билігінің Украинаға қысым көрсетіле санкция жариялап, Ресей экономикасына зардап шектіру туралы келісімі себепкер болуы мүмкін деп пайымдайды тілші.

Сәрсенбіде канцлериядан шығып бара жатқан Меркель кезекті канцлерге Германияның игілігі үшін жұмыс істеуге кеңес беріп, қызметкерлердің қошеметіне бөленді. Меркельдің Бундестагқа жақын жерде кеңесі бар, ол жерде экс-канцлер кей қызметін әлі де жалғастырмақ.

4 БЕТТЕ

Баспасөз-2022

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҢЫЗ БА?

Баспасөзге
2022 жылдың бірінші жарты
жылдығына жазылу жүріп жатыр.
Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз
төріңізде тұрсын!
Жекелер үшін 6 айға – 2500 теңге,
мекемелер үшін – 3500 теңге.
Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз
болса, мына нөмірлерге
хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08

■ АҚМЕШІТ ҚЫЗЫЛОРДА БОЛҒАНДА

Нұрлыбек МЫҢЖАСОВ, Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының директоры:

«АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ ХАЛЫҚТЫҢ САЯСИ-МӘДЕНИ ДЕНГЕЙІН ӨСІРУГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТТІ»



– Аға, Алаш зиялыларының Ақмешітке келуді туралы не айтасыз?

– Алаш арыстары десек, Ақмешіт, иә болмаса, Қазақ Республикасының тұңғыш астанасы, тарихи қазақ атауын қайта иелену десек ойымызға Қызылорда түседі. 1925 жылдың 15-19 сәуірі аралығында осында өткен жалпықазақтың 5-ші съезі ұлт тарихының жаңа кезеңі еді. Мемлекеттілігімізді сипаттайтын атрибуттардың бірі ретінде астанамыз белгіленді. Ұлтымыздың қазақ деген тарихи атауы қайтарылды. Орталықты Орынбордан басқа қалаға ауыстыру туралы мәселе 1925 жылдың 9 ақпанында Қызылорда Орталық атқару комитетінің президиумында қаралды және қорытындысында жаңа қазақ астанасын Ақмешітке көшіру туралы қаулы қабылданды. Қазақ Республикасының бас қаласын ауыстыруға бұдан 2 ай бұрын, яғни, 1924 жылдың 29 желтоқсанында сол кездегі Қазақ обкомының екінші хатшысы, республика орталық атқару комитетінің төрағасы Сұлтанбек Қожановтың Ресей Коммунистік партиясы Орталық комитетінің Бас хатшысы Сталинге жазған хаты түрткі болды.

Тәжірибелі саясаткер ол хатында «...Тереңдеу керек, қазақ бұқарасына дендеу ену керек, шынайы ренкі бар партиялық қоғамдық пікір туғызу ләзім, қажет кезде тек «бастыққа» емес, бұқараға жүгінуді дәстүрге айналдырған жөн», – деген мәселе көтерді, өйткені қазақтың 20-жылдардағы партиялық ортасына негізгі егес, ұрыс-қағыс, саясатшыл мен ұшы-қиырсыз ру мүддесін күйттеу жолында теріс істі жанталаса қостай кету әдеттері тын дендеу сипіп кетті» деп ашық жазған болатын.

Сұлтанбек Қожанұлы 1925 жылғы 19 ақпанда Қазөлкомның жауапты хатшысы (республикадағы екінші дәрежелі лауазым) болып тағайындалады. Ұлт қайраткерінің сол кездегі бір үлкен еңбегі – астананың Ақмешітке көшуіне мұрындық болуы. «Қазақстан астанасы орыстың туы тігілген қалада емес, қаласы жоқтықтан, қазақтың киіз ауылында болса да, қазақ ұлты жұртшылығына жуық болуы керек. Қазақ ұлт мемлекетшілігіне әдемі қала, ыңғайлы үйлер керек емес, жаман да болса өз ордасы болуы керек. Орынбордан көшпей, қазақұлтының ішкі тіршілігі оңдалып, қазақ еңбекшілерінің көпшілігінің қамына керекті шаралар іс жүзінде істелуі қиын» деп табанды ұстанында болған ұлтшылдардың бірі осы кісі еді.


– Қазақ зиялыларының Қызылордаға келгендегі ең әуелгі жұмысы неден басталды?

– Өрине, Алаш зиялылары Ақмешітпен бұрыннан таныс. Олар саяси қызметтерін жоғарыда сөз болған Басы 1-бетте

5-ші съездің шешімдерін орындаудан бастады. Өйткені ел тағдырындағы күрмеулі мәселелер осы алқалы жында талқыланып, оң шешімін тапты. Ел тарихының жаңа беті ашылды.

Ахаң бастаған қазақ ұлтшылдары Советтік Қазақ Республикасын құру кезеңіндегі атқарған саяси қызметтерін жалғастырды. Сол кездегі Ә.Бөкейхан жетекшілік еткен қазақтың саяси элитасы бұған дейін қазақтың дербес Республика атанып, ұлттық автономия болуына қол жеткізді, сондай-ақ Ресеймен және Орталық Азия елдерімен шекараны анықтап алды. Бұл үлкен жетістік еді. Ал мемлекетшілік өзекті мәселелердің бірақтары съездің күн тәртібіне қойылды. Егер қарағанда мәселелерді таратып айтсақ, «1925 жылы 15-19 сәуір аралығында Қырғыз (Қазақ) АКСР Кеңестерінің бесінші бүкілқазақ съезі Ақмешіт қаласында өтті. ҚазОАК төрағасы С.Мендешев сөзбенің сәтті күні съезді салтанатты түрде ашық деп жариялап, бір республика құрамына біріккен қазақ халқы құттықтады.

Съездің күн тәртібіне төмендегідей мәселелер қарастырылды: 1) Қазатком мен Қазалкомның есептік баяндамасы;



2) ҚАКСР-дегі халық ағарту ісінің кезекті міндеттері туралы; 3) ҚАКСР-дегі жерге орналастыру мен суару туралы; 4) Сауда мен кооперация туралы; 5) ҚАКСР-дегі қаржы жағдайы; 6) Қазатком құрамын және Кеңестердің Бүкілресейлік съезіне делегаттар сайлау. Съезге барлығы 394 делегат шешуші және 52 делегат кеңес беруші дауыспен қатысты. Осы кезден бастап алаш қайраткерлері белсенді қызмет атқара бастады. Олар бір ортаға шоғырланып тек саяси ғана емес, шығармашылық жұмыстарын да жемісті жүргізуге мүмкіндік алды. Мысалы, А.Байтұрсынұлы Қазақ халық ағарту институтын басқарды. Т.Жүргенов Мәдениет саласына жетекшілік жасап, 1926 жылы театрды ашты. Сол жылы инженерлердің жетістігі ретінде жаңа электр стансасы іске қосылды. Бұған дейін Ә.Бөкейхан Мәскеуде, А.Байтұрсынұлы Орынборда, Ә.Ермеков пен С.Садуақасов Семейде, Міржақып, Мағжан, Жаһанша, Халел, Сұлтанбек ағаларымыз – Ташкенде болатын. Жалау Мыңбаев 1925 жылдың сәуірінде Қазақстан Орталық Атқару комитетінің төрағасы болып сайланды.

Қызылорда астана болған тұста ол Өкпелік ауылшаруашылығының жәрдемдесу комитетінің және астана құрылысын салу жөніндегі комиссияның төрағасы қызметін қоса атқарды. Алаш қайраткерлерінің қата-

рында бола жүріп «халық жауы» ретінде ату жазасына кесілген жалғыз қазақ әйелі Шахзада Шонанова 1928-1931 жылдары Қызылорда қаласында мектепке дейінгі балалар тәрбиесінің нұсқаушысы, Сырдария губерниялық партия комитетінде нұсқаушы болып қызмет атқарған. 1938 жылы 9 наурызда Алматы түрмесінде күйеуі Телжан Шонановтан 10 күннен кейін атылды. Сол сияқты Сыр топырағынан шыққан білімдарлардың бірі Иса Токтыбаев 1917-22 жылы Ташкенттегі Халық ағарту институтының директоры болып қызмет атқарған. Кейіннен Түркістан АССР Халық ағарту комиссариатының коллегия мүшесі болып сайланған. Қызылордада 1924-1929 жылдар аралығында жұмысшы факультетінің меңгерушісі ретінде ұлттық кадрлар даярлауға мол үлесін қосқан тұлға. Кейіннен, яғни 1932 жылы Ленинград ғылыми-педагогикалық институтының аспирантурасын бітіріп, Ленинград Кеңестік Шығыс халықтары институтын басқарған.

Міне, Алаш қайраткерлері аз уақыттың ішінде қаржы ташпылығына, кадрлық әлеуеттің төмендігіне қара-

нәпақасын колледждер мен жоғары оқу орындарында сабақ берумен тауып жүр. Ғылым ғалым үшін екінші кезектегі мәселеге айналды. Дана Абай «кез келген хакім ғалым бола алады, кез келген ғалым хакім бола алмайды» деп айтады. Мұғалім мен ғалым да сондай. Отандық ғылымның дамуына кедергі келтіретін фактордың бірі – экономикалық даму тенденциямыз. Мәселен, еліміздің экономикасы шикізатты тікелей сатуға негізделгендіктен мемлекет ғылыми нәтижелер мен жаңалықтарға зәру емес. Демек ол өндіріске қажет болмай тұр. Бұған қарап, ғалымдар ізденуді тоқтатқан деген ой тұмауы керек. Қазақстандық ғалымдардың әр сала бойынша ауыз толтырып айтатын жетістіктері өте көп. Өкініштісі, сол жаңалықтар халықтың әл-ауқатын көтеруге қажетті деңгейде жұмыс істеп жатқан жоқ. Көпшілігін өндірісін ғылымға негізден дамытып отырған шет елдер әкеліп жатыр. Пайдасын солар көреді. Ал әу бастан ғылымның басты функциясы, яғни міндеті – адамдардың өмірін жеңілдетуге қызмет ету еді. Міне, осы себепті де алдағы

уақытта ғылымға мемлекет тарапынан қолдау, ғалымға тиісті қамқорлық көрсетуі керек.

– Ұлттық қодымыздың негізгі тетігі руханиятты жатыр. Ал «Рухани жаңғыру» бағдарламасының басым бағыттары деп негіз атап өтер едіңіз?

– 2017 жылдың сәуірінде мақала түрінде өмірге енген «Рухани жаңғыру» бағдарламасының 6 бағыты белгіленді. Олардың мына бағыты мына бағытынан басым деп бағалауға болмайды. Әрқайсысы бағдарламаның құрамдас бөлігі, соның тұжырымдамасының өзіндік маңызы. Басқалды айтқанда, егер белгіленген 6 бағыттың біреуіне мән бермесеніз, бағдарламаның стратегиялық мейесіне, көзделген мақсатқа жете алмайсыз. Себебі кешенді жоба болғандықтан да онда үлкеніші, ұсақ-түйек деген болмайды.

Рухани саладағы жұмыстың бәрі маңызды, бағалануы әртүрлі болуы мүмкін. Мен әуелгі екі жарым жылдай уақыт облыстық «Рухани жаңғыру» орталығына жетекшілік жасап, оның талаптарын іске асыру жұмыстарының басы-қасында болдым. Осы кезеңде көздері оттай жапың, жігерленіп, серпіліп жұмыс істеген талай шынайы патриот адамдарды көрдім. Біз бағдарламаның қажеттігіне сендік. Халыққа керек нағыз бағдарламашы деп ұқтық. Сол сенімнің күші бізді алға жетеледі.

– Оқырмандардың басым бөлігін кімдер құрайды?

– Негізінен, оқырмандарымыздың басым бөлігі – ғылыми қызметкерлер, мұғалімдер, жастар, студенттер, балалар мен зейнеткерлер. Кітапханада оқу және шығармашылықпен айналысу үшін қолыбыз жағдай жасалған. Жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру және шығармашылық алаңын қалыптастыру мақсатында кітапханада коворкинг орталық ашылған. Мұнда балалар мен



Өрине, оның болашағына сенбегендер де жетіп артылатын. Билікке жақындап, қызмет қуып жүргендердің көпшілігі бұны белгілі бір кезеңде ғана қызмет ететін, кейін ұмытылатын идеологияға деп түсінді. Ал санасын тұрмыс билеген бірақтар қарапайым азаматтар материалдық жаңғыруды емес, рухани жаңғыруды көздейтін мұндай нәрсені керексізін де жоқ деп ойлаймын. Расында, біздің рухымыздың әлсіздігінен және ұлттық намысты рулық намыспен ауыстырып алған тегеурінсіздігімізден мемлекеттік идеологияны ауыстыруға саяси-философиялық әлеуеті жететін осы бағдарлама бойынша жұмыстар бәсеңсіп барады.

– Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапхананың «Сирек қорлар» бөлімінде 1925-1929 жылдары жарық көрген басылымдар жинақталған. Осы жайында бір сөз айтсаңыз...

– Кітапхана қорында Қызылорда қаласы Қазақстанның тұңғыш астанасы болған кездері баспадан жарық көрген 33 кітаптың көшірмесі сақтаулы тұр. Атап айтқанда, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов, Әбділа Тәжібаев, Асқар Тоқмағанбетов, Жүсіпбек Аймауытов, Тұрар Рысқұлов және тағы басқа да ақын-жазушылардың шығармалары бар. Кітаптардың басым көпшілігі араб қарпімен жазылған қазақ кітаптары. Сондай-ақ 1925-1929 жылдары шыққан «Положение об аульных и сельских советах с разъяснениями по применению его в Казахстане», «Народное хозяйство Казахстана», «Новые поселения в Казахстане», Д.Авксентьевский «Казахский Государственный Университет» және А.Байтұрсынұлының «Әліпби» кітаптары бар. Бүгінгі таңда ұлттық құндылықтарды бағамдаудың маңызы зор деп есептеймін. Жазба мұраларды сақтау, бүгінгі ұрпақ игілігіне жарату – кітапхананың басты міндеті. Қызылорда жарыққа шыққан басылымдар өз тарихымызды саралауда басты тарихи дереккөз екені даусыз.

– Тәуелсіздіктің басты құндылығы деп негіз атап өтер едіңіз?

– Тәуелсіздіктің басты құндылығы – тәуелсіз ел атанғанымызда. Оны алу бар да баянды ету бөлек. Көне мысырлықтар «уақыттан бәрі айынады, ал пирамидалардан уақыт та айынады» дейді екен. Бір уақыттың барған сайын қатая түсетін сынағына, барған сайын рухани шындала түсе алатындар ғана төтеп бере алатынын мезіп тұрғанды. Демек тәуелсіздік деп көп мақтану артық нәрсе. Ұлт жанашырларының бірі, академик Амангелді Айталы ағамыздың 2008 жылы «Байсалды ел байқаусыз қате жібермес» деген тақырыпта жинағы шықты. Сондағы бір сұхбатында философтың аузымен мынадай пікірді айтады: «жас мемлекеттер кейде мемлекет болғанына мақтанып, сол деңгейде қалып қояды... Және құлдық қамыттан шыққан мұндай елдер мақтаншақ болады. Біз «ғүлденіп, өркендеп жатырмыз» дегенді жиі айтады. Мұндай елдер бақытсыз тұрмыстан бақытты қиял жасап алады». Бізге Сыр топырағынан шыққан ғалым, академик Асқар Жұмалидәев ағамыз айтқандай, «ұлттығымызды сақтап қалғанымыз келсе, технократтық дамуға бет бұруымыз қажет».

– Сұхбаттасқан Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

орталық ашылған. Мұнда балалар мен

1994 жылы ҚР Тұңғыш Президентінің «Қазақстан Республикасында құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасы туралы» қаулысы шықты. Қаулы жаңа сападағы сот жүйесін құрудың басты бағдарлары енген және оны дамытудың негізгі басымдықтары айқындалған басты тарихи құжат болды. Сонымен бірге Тәуелсіз Қазақ елінің Азаматтық және Қылмыстық кодекстері қабылданды, сот ісі жаңадан қабылданған Азаматтық-процессуалды, Қылмыстық-процессуалды кодекстерге сәйкес жүргізілетін болды.

Қазақстан Республикасы сот жүйесінің қалыптасу кезеңі 1995-2000 жылдар аралығында жүрді. 1995 жылы ҚР Конституциясының және ҚР Президентінің Конституциялық заң күші бар «Сот жүйесі және судьялар мәртебесі туралы» жарлығының қабылдануы сот жүйесі дамуының жаңа кезеңін бастап берді емес пе.

Осылайша сот құрылымының негізгі элементтері мен республика соттарының жұмыс тәртібін айқындап берген жаңа нормалар енгізілді. Бұл алғашқы он жылдықтағы қаламдар еді.

Басы 1-бетте

ОРДАЛЫ ОТЫЗ ЖЫЛ

Елдегі тарихи оқиғаларға тоқталсақ, 2002 жылы Тараз қаласының 2000 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтті. Сонымен қатар осы жылы киелі Түркістанда Дүниежүзі зақтарының екінші құрылтайы өтті. Бұдан асқан қандай жетістік, қандай биіктік керек. Осы шарадан соң араға екі жыл салып елордада әлемдік және дәстүрлі діндер жетекшілерінің бірінші құрылтайы өтті. Тарих жүзінде бұған дейін дәстүрлі үш бағыттағы дін басшыларының бір жерде бас қоспағанын ескерсек, бұл Қазақстанның жетістіктерінің бірі саналмай ма?! Осы жылдары ҚР Президентінің жарлығымен кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға қатысты сот талаптарын қарастыратын мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттар құрылды. 2004 жылы ауданаралық мамандандырылған соттар құрылып, олардың қарауына мемлекеттік билік органдарының құзыретінен шығатын істер берілді.

Осылайша көпшілік-құқықтық қатынас саласында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау механизмдері күшейтілді.

2010 жылы Қазақстан Еуропаның қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық ете бастады. Осы жылдың желтоқсан айында Қазақстанда саммит өткізілді. 2011 жылы Қазақстанда алғаш рет қысқы Азия ойындары өтті. Өздеріңіз білесіздер, бұл ойындар тек тыныштығы сенімді, дамыған, өркеніетті елдерде ғана өтеді. 2015 жылдың 27 шілдесінде Қазақстан Республикасы Дүниежүзілік сауда ұйымының мүшесі атанды. Бұл экономиканың одан әрі қарқынды емес пе. ЕХРО-2017 көрмесінің өзі талай жетістікке бастайтын жол салды.

Енді өз саламызға келсек, отыз жылдыққа қарай беталыс кезеңінде сот жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатын іс жүзінде жүзеге асыру 2014 жылы бірқатар іргелі

нормативтік-құқықтық актілердің қабылдануынан кейін басталды. Әсіресе Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық, Қылмыстық-процессуалды және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстері сот уәкілдігінің аясын кеңейтті, адамдардың сотқа қол жетімділігін ұлғайтты, азаматтардың заңды құқықтары мен мүдделерінің толыққанды орындалуын қамтамасыз етуге жағдай жасады. Сот жүйесін одан әрі дамыту Ұлт жоспары – «100 нақты қалам» бағдарламасынан көрініс тапты. «Заң үстемдігін қамтамасыз ету» атты 2-бөлім тұтастай сот саласын өзгертуге арналды. Жалпы 2015 жыл, мамандардың пікіріне қарағанда, Қазақстанның сот жүйесін реформалау жылы болды. Жыл аяғына қарай Ұлт жоспарының жүзеге асыру аясында 59 заң күшіне енді.

Айта берсек, отыз жылдағы жетістіктер мен жеңістер жетіп артыларлықтай. Ордалы отыз жылдың ішінде еліміз осындай небір биіктерге жетті және мәңгілік елдің, мәңгілік биіктің тұғырын тұрғызды.

Әсел ҚАРБОВОВА,
Қызылорда қалалық сотының судьясы

«СЫР САНДЫҚ» СЫР АЙТАДЫ



Жаңа жинақтың тұсау-кесер рәсімінде қазақ поэзиясының гладиаторы атанған Шанжархан Бекмағанбетов, айтыскер ақын Серік Ыдырысов, балалар ақыны Қуат Адиас жас таланттарға жылы лебізін білдіріп, батасын берді.

Кітаптың жарық көруіне жастар жанашыры, облыстық мәслихат депутаты Мағжан Ералиев демеушілік жасады. – Сырдағы жас ақындар антологиясы алғаш рет жарық көріп отыр. Бұл қуанарлық һәм құптарлық

Оқырмандар үшін тағы бір жаңа кітап жарық көрді. Студенттер сарайында «Сыр сандық» атты Сыр ақындарының антологиясының тұсауы кесілді. Жинаққа Сыр өңірдегі жетпістен аса ақынның өлеңдері енген.



жайт. Өлең өлкесінде өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан жас жыр жүйріктерінің жолына сәттілік тілеймін. «Сыр сандық» халқына айтары көп болсын. Бүгін жайқалған жас толқынның көптігіне сүйсініп отырмын. Сіздерге айтарым, өлеңге адал болыңдар. Сонда ғана шығар шыңдарың биік болады, – деді ақын Шанжархан Бекмағанбетов. Міне, сонымен көптен күткен жас ақындардың жыр жинағы осылайша оқырманға жол тартты. Бағасын өзіңіз бересіз.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

Жамбыл атындағы №120 орта мектебінің дене шынықтыру пән бірлестігінің ұйымдастыруымен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің оқу ғимаратында Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай қаладағы мектеп мұғалімдерінің арасында шағын футболдан турнир өтті.

ШАҒЫН ФУТБОЛДАН СЫНҒА ТҮСТІ

Оған қаладағы №120, №176, №173, №222, №261, №212, №9 және №136 мектептің командалары қатысты. Жарысқа қатысушылар 2 топқа бөлініп, бақтарын сынады. Топтан екінші болып шыққан №120 мектеп командасы мен №173 мектеп мұғалімдері III орын үшін ойынаса, I орынға №176 және №212 мектеп командалары таласты.

III орын үшін сайыста №173 мектеп командасы №120 мектеп командасынан басым түссе, I орынға тартыста Тасбөгеттегі №176 мектеп командасы №212 мектеп

командасын 2:1 есебімен жеңіп, турнирдің жеңімпазы атанды. Турнирдің жабылу салтанатын Жамбыл атындағы №120 мектеп директоры А.Шамшатова жарыстың жеңімпаздары мен үздік ойыншыларын қалалық білім бөлімінің дипломдарымен марапаттап, турнирге тағайындалған медаль, кубок табыс етті.

Берік БАЙНИЯЗОВ,

№120 Жамбыл атындағы орта мектептің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі



Жақында алыс ағайынның үйіне қонаққа бардық. Қазақты тәрбиені бойына сіңіріп, салт-дәстүрді берік ұстанатын ағажемемнің 5 жастағы қызы орысша сайрап жүр. «Бала тілі бал ғой». Үлкендер жағы оны қызық көріп, қайта-қайта сөйлесті.

Сол жерде білгенімдей, бүлдіршінің тілі 4 жасында орысша шыққан. Оған дейін апармаған дәрігері, бармаған емханасы қапмаған. Қарап отырсақ, үйінде бәрі қазақша сөйлейді. Балабақшаға да қазақ тобына барады. Сонда бұл қалай? Расында, үйде де, бақшада да қазақ тілінде сөйлесе бала өзге тілді қайдан үйренеді дейміз-ау. Әрине, оған орыс тіліндегі мультфильмдер тікелей әсер етуде. Біз күл болған бұл жағдай көптің көкейінде жүрген мәселе. Себебі қазір екінші-бірінші баласының тілі осылай орысша шығуда.

Ертеде баласының тәрбиесіне ерекше назар аударған әкесі тілі енді шыға бастаған бір жастағы ұлын ата елге машһур бір данышпанға апарып тәрбиелеп беруін сұрапты. Сонда әлгі ғұлама кісі «Сіз екі жылға кешігіп қалыпсыз» деген екен. Ондағы айтпағы, бала тәрбиесі құрсақта жатқаннан басталады. Данышпанның бұл сөзін бүгінгі ғылым да растайды. Бала құрсақта біткеннен кейін 15-18 айында миы қалыптасып, 30-40 апталығында баланың есту қабілеті дами бастайды екен.

– Қазақ ана тілі ана сүтімен дариды деген сөз бар. Бала өзінің ана тілін құрсақта жатып бойына сіңіреді. Егер ата-ана тек қазақша сөйлесе баланың да тілі сол тілде шығады. Қазіргі кезде біздің балабақшада тілі кеш шығатын немесе дыбыстарды анық айта алмайтын балалар өте көп. Осындай мәселенің келетін ата-аналар да жетерлік. Басында ата-анасы баласының дұрыс сөйлеуіне ерекшелік деп ойлап, көп уақытын өткізіп алады. Сондай-ақ үлкендер әкесі бала кезінде кеш сөйледі тұқымында бар деп жіті мән бермейді. Бұл қате түсінік. Мектепке барғанға дейін бала дұрыс сөйлемесе, ата-ана дабыл қаққаны жөн. Балалар көбінесе

«и», «ғ», «ү», «ұ», «к», «ө» дыбыстарын айтуды қиналады. Мұның шешімін іздеп, баласының болашағына, дұрыс сөйлеуіне алаңдаса, маманның көмегіне жүгінуі керек. Қазір логопед маманы барлық балабақшада бар. Бұл бүгінгі уақытта ең керекті мамандықтың бірі. Ол әр баламен жеке жұмыс істеп, әріптерді дұрыс айтуына



Балаңыз қай тілде былдырлайды?

көмектеседі. Сондықтан баланы арнайы балабақшасының тәрбиешісі Гүлзат Мұратбекқызы.

Қазіргі таңда баланың орысша сөйлеуінің себебі – ақпараттық кеңістіктің орысша болуы. Расында, ұялы телефондағы қолжетімді мультфильмнің бәрі орысша. Сондықтан кейбір балаға қазақша сұрақ қойсаң, тілі күрмеліп, жауап беруі қиын.

Өйткені баланың санасы орысша ойлап тұр. Сондықтан ол қазақша сөйлеуге қиналады.

Логопед маманның айтуынша, бүгінде баланың тілін шығаруға көмектесетін түрлі әдіс-тәсілдер бар. Олардың бірі – артикуляциялық жаттығулар. Бұл жаттығу баланың тіліне арналған. Сонымен қатар логопед маманның оқу қызметінде

қарапайым сөзбен жеткізе алмайтыны содан екенін айтуға.

– Бала тілінің орыс тілінде шығуының бірнеше себебі бар. Ең бірінші – ұялы телефонды көп қолдануы. Ондағы мультфильмдер, ойындар баланы өзіне баурап алады. Ол ата-анаға ыңғайлы болғанымен, баланың тілінің бұзылуына әкеп соғуда. Сондай-ақ отбасындағы сөйлеу тілі де балаға әсер етеді. Орыс тілінде сөйлейтін ата-ананың өзі қазақ тіліне тән кейбір дыбыстарды таза, анық айта алмайды. Оны көрген бала да үлкендер осылай сөйлеп жатыр екен, біздікі де дұрыс деп тілдерін бұрап, түсініксіз сөйлейді. Бүгінде бұл мәселе әсіресе еліміздің ірі қаласында тұрғандарды қатты алаңдатууда. Десе де жыл өткен сайын біздің өңірдің де балаларының тілі орысша былдырлап жүр. Сондықтан балаға ата-ана көп көңіл бөліп, сөйлесе беруі керек. Мультфильмдер мен әнді, қазақ тілінде көруі керек. «Бесік жырын» тыңдап ұйықтаған бала, жаңылтпаш, қазақ ертегілері, санаматтарды естіп, айтып өскен баланың тілі таза, шұрайлы болып келеді. Ал тілі шықпаған балаларға сұрақ қойып, сөзге тартудың маңызы зор, – деді логопед маман Нұрбина Есімова.

Осындайда ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұовтың «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөз жоғалған ұлттың өзі де жоғалады. Ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін азыруға тырысады» деген тәмсілі еске түседі. Ғасыр бұрын алаңдатқан тіл мәселесі бүгінгі қазақ қоғамының да жан жарасына айналғаны жасырын емес. Бала тілінің өзге тілде шығуы, тек бір отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның мәселесі. Өсіп келе жатқан жас өскінді қалай қарай майыстырсаң солай қарай өседі. Балаға да қай тілде сөйлесең, сол тілде сөйлеп, сол тілде ойлайтын болады. Сондықтан бұл мәселеге ертеден мән берген дұрыс.

Ақмарал ҚАДЫРХАНҚЫЗЫ

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТӨЛ ҚҰРДАСТАРЫ АВТОШЕРУ ҰЙЫМДАСТЫРДЫ

Қызылорда қалалық Полиция басқармасының 91 жылғы туған тәуелсіз елдің төл құрдастары Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай автошеру ұйымдастырды.




«Кез келген мемлекеттің Тәуелсіздігін айқындайтын қасиетті белгілер – мемлекеттік рәміздер. Сол себепті рухымызды аспандатар көк байрағымызды жоғары көтерген шерушілердің басты мақсаты – өскелең ұрпақтың бойына патриоттық сезім ұялату», – дейді

Қызылорда қалалық Полиция басқармасы бастығының міндетін атқарушысы, полиция полковнигі Жаназаров Әбдібек Сламбекұлы.

«1991 жылдың 16 желтоқсаны – барша қазақстандықтардың ең бақытты, аңсаған арманына жеткен күні, тәуелсіздіктің таңы атқан күн. Мен де осы тәуелсіздіктің куәгері ретінде сол жылы дүние есігін аштым. Тәуелсіздіктің төл құрдастарым. Мен өзімді егемен елде, тәуелсіздіктің таңы арнайлап атқан бақытты Қазақстанда туғанымға шексіз қуанамын. Міне, содан бері 30 жыл зырғып өте шықты. Азаттықтың арқасында біз бақытты балалық шақта өсіп, алаңсыз білім алып, шаттыққа толы студенттік өмірді көріп, қазір еш уайымсыз ашық аспан астында берекелі де мерекелі ғұмыр кешудеміз. Елбасымыз «Болашақ – жастардың қолында», – деп жиі айтқанды, бізге үлкен сенім артты. Сол кемел келешекті жасайтындар – «Тәуелсіздік құрдастары» – дейді тәуелсіздіктің төл құрдасы Ернұр Сыздықов.

Қызылорда қалалық полиция басқармасының баспасөз қызметі



БІР ТӘУЛІКТЕ 527 АДАМ КӨЗ ЖҰМҒАН

Германияда соңғы бір айда эпидемиологиялық антирекорд орнауда. Ақпан айынан кейін оңалған ахуал қайта күрделеніп, төртінші толқынмен күресіп жатқан елде бір тәулікте вирустан көз жұмғандар саны артты. Осы орайда CNN арнасының тілшілері Лаура Смит-Спарк пен Стефани Халастың «Германияда ақпан айынан бері Covid-19-дан ең көп өлім-жітім тіркелді» тақырыбында мақаласы жарияланды.



Ауруларды бақылау және күресумен айналысатын Роберт Кох институтының мәліметі бойынша, соңғы 24 сағатта барлығы 69601 жаңа жағдай тіркеліп, 527 адам індеттен қайтыс болған. Бұл Covid-19-дан бір тәулікте 534 адам қайтыс болған 18 ақпандағы нәтижеден кейінгі ең жоғары көрсеткіш.

Германияда бір апта ішінде ауру денгейі аздап төмендеді, бірақ вирустың жұғу фактісі бойынша 100000 тұрғынға шаққанда 427 жағдайды құрап, күрделі нәтиже көрсетіп тұр. Жалпы, пандемия басталғалы елде коронавирустан 104047 көз жұмған.

Жағымсыз жаңалық Олаф Шольц Германия канцлері ретінде ант берген күні жарияланды. Енді елдің жаңа денсаулық сақтау министрі болып парламент депутаты және білікті эпидемиолог Карл Лаутербах тағайындалды.

Өткен аптада Германия вакциналанбағандар үшін жалпыұлттық шектеу туралы жариялады. Бұл олардың супермаркет пен дәріханалар сияқты инфекциялармен күресуде маңызды саналатын орындардан басқа барлық жерге баруға тыйым салды. Коронавирустан жақында айыққандарға бұл шектеу тыйым салмайды.

Көптеген аурухананың жансақтау бөлімі науқастардың көбеюімен күресуде, ал неміс дәрігерлері реанимация бөлімшелерінің жүктемесі өткен қыстағыдан асып кетуі мүмкін деп ескертті.

Коронавирустың тез таралатын нұсқасы Омикронның пайда болуы Германияны да алаңдатууда. Сейсенбіде Оңтүстік Африкада жұмыс істеп жатқан зерттеушілер «Omicron» нұсқасы «Pfizer» вакцинасы ұсынатын қорғанысқа қарсы тұра алатынын, дегенмен бұрын жұқтырып, кейін вакциналанған адамдар жақсы қорғалған болуы мүмкін екенін айтқан. Дегенмен зерттеу тобы бұл алдын ала пайымдау екенін де ескертті.

Егер мақұлдана Германияда вакциналау науқаны көрші Австрияның ізімен жүріп, ақпан айынан бастап вакцина алуға болатын ересектерге екпе салуды жоспарлап отыр.

Грекия өткен аптада вакцина қаңтардың ортасынан бастап 60 жаспан асқан адамдар үшін міндетті болатынын мәлімдеді. Сондай-ақ ел үкіметі вакцина салдырудан бас тартқандар ай сайын 100 еуро (113 доллар) көлемінде айыппұл төлейтінін де айтып өтті.

Ал Ұлыбританияның денсаулық сақтау саласының мамандары «Omicron» штаммының ықтимал әсеріне алаңдаулы екенін айтып, екпенің алғашқы екі компонентін алған адамдарға бустерлік вакциналау шарасынан өтуді ұсынуда. Өткен аптада Ұлыбританияда аурудың жаңа нұсқасының бірқатар жағдайлары анықталған соң дүкендерде және қоғамдық көлікте бетперде тағу талабын қайта енгізді. «Қазіргі уақытта Англияның көптеген аумағында қоғам арасында жаңа штамм таралуда», – деді Ұлыбританияның денсаулық сақтау министрі Саджид Джавид «Omicron» штаммы бойынша елдегі ахуал жайында сөз қозғағанда.

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған Аслан НҰРАҒАЛИ

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар: Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс) Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009) Кабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023) Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022) Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-1. «Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Апталығы 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады. Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қызматкеріміз сөйкес келе бермейтініміз, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, жауапкершілігі менің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонна хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4424 Тапсырыс №1847 Нөмірдің кезекші редакторы Ақтоқын НҰРҰЛЫБАЙ